

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2025-2026 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№3 ХАТТАМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ

Түркістан қаласы

22 қазан 2025 жыл

Өткізілген орны: Сенат залы

Өткізілген уақыты: 2025 жылғы 22 қазан, сағат– 16:00

Қатысқандар – ОӘК мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары бойынша бакалавриат, магистратура, резидентура, докторантура ББ дайындық бағыттарының сәйкестігіне мониторинг нәтижелерін талдау (Баяндамашы: Академиялық департамент директоры А.М.Бостанова);

2. Бағдарламалық аккредиттеу постмониторинг жұмыстарын ұйымдастыру (Баяндамашы: Факультет декандары, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев);

3. «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2025» байқауына қатысатын үміткерлерді анықтау (Баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысының орынбасары - Қ.Полатбекова);

4. 2025-2026 оқу жылында қысқы аралық аттестаттау емтихандарының қабылдау нысандарын бекіту (Баяндамашы: Факультет декандары, Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлім басшысы - Л.Ибрагимова);

5. ББ пәндері бойынша контенттердің толық және сапалы жүктелгеніне мониторинг нәтижелерін талдау (Баяндамашы: Факультет декандары, Факультеттің ОӘК төрағалары, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев);

6. Әртүрлі мәселелер:

6.1 Күміс университетінің бағдарламаларын бекіту (Баяндамашы: Бағдарлама жетекшілері);

6.2 Университеттің ішкі нормативтік құжаттарын бір жүйеге келтіру мақсатында ережелерді қолданыстан шығару (Баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев);

6.3 Университет ОПК дайындаған оқулық, оқу-құралдарын, оқу-әдістемелік құралдары мен нұсқаулықтарын талқылап бекіту (Баяндамашы: Факультет төрағалары).

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Университеттің бакалавриат, магистратура, резидентура, докторантура білім беру бағдарламалары, кадрларды даярлау бағыты бойынша №4 бұйрық бойынша қойылатын біліктілік талаптары сәйкестендірілсін, орындау мерзімі 05.11.2025 ж. (*Жауаптылар: факультет декандары, кафедра меңгерушілері, кадр даярлау бойынша Академиялық комитет, факультеттің Оқу-әдістемелік комитет, Сапаны қамтамасыз ету комиссия төрағалары, бақылау – Академиялық департаменттің тиісті бөлімдері*).

**Күн тәртібіндегі екінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2.1. 2025-2026 оқу жылындағы 82 білім беру бағдарламаларын аккредиттеу постмониторингін жүргізу мәселелері бойынша мәліметтер назарға алынсын.

2.2. 2025-2026 оқу жылында бағдарламалық аккредиттеуге ұсынылатын ББ тізімінің жобасы әзірленсін (*Жауаптылар: АК төрағалары, кафедра меңгерушілері, факультет декандары*. Орындалу мерзімі 25.10.2025ж.).

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

3. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2025» конкурсының I кезеңі бойынша конкурс талаптарына сай үміткерлер тізімі анықталып, сенат мәжілісіне ұсынылсын. (*Жауапты: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысының орынбасары - Қ.Полатбекова*).

**Күн тәртібіндегі төртінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

4.1 2025-2026 оқу жылының қысқы аралық аттестаттауды қабылдау нысандары бекітілсін;

4.2 Жазбаша емтиханның жауап парақтарын тексеру үшін біліктіліктері сол пәннің бейініне сәйкес келетін және әдеттегідей сол академиялық топта (лекте) оқыту сабақтарын өткізбеген профессорлар-оқытушылар құрамы жеткілікті болса өкіммен тағайындалсын (*Жауапты – факультет декандары*);

4.3 Емтихан сұрақтарының сапасына предмониторинг және емтиханның жазбаша жауап парақтарына постмониторинг жүргізілсін

(Жауапты: Факультет декандары, кафедра меңгерушілері, оқу-әдістемелік комитет төрағалары);

4.4 Емтихан сұрақтарының сапасына предмониторинг және емтиханның жазбаша жауап парақтарына постмониторинг жүргізілсін *(Жауапты: Өлшеу және бағалау секторы, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі);*

4.5 Кез-келген жазбаша (жоба қорғау, эссе т.б.) жұмыстар антиплагиаттан тексеруден өтуі міндеттелсін *(Жауапты кафедра меңгерушілері);*

4.6 Сессияға басталғанға дейін 20 күн қалғанда кешіктірмей емтихандардың бағдарламалық сұрақтары факультет деканымен бекітіліп Platonus платформасында жарияланып, білім алушыларға қолжетімді болсын *(Жауапты: кафедра меңгерушілері);*

4.7 Жазбаша, тест-ЭЕМ, Мемлекеттік емтихан, ОҚКЕ емтихандардың бейнежазбаларының толығымен сақталуы және тәжірибелік, эссе, жобаны қорғау түріндегі емтихандар өтетін аудиториялар бейнекамералармен қамтамасыз етілсін *(Жауапты: Ақпараттық технологиялар департаменті).*

**Күн тәртібіндегі бесінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

5. Контенттерді мерзімінде кешіктірмей жүктелуін қамтамасыз ету жауапкершілігі кафедра меңгерушілеріне, контент құрылымының толықтығы және сапалық талаптарға сәйкестігін қадағалау жауапкершілігі факультет ОӘК төрағаларына жүктелсін *(Жауапты: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев).*

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

6.1 Күміс университетінің төмендегі бағдарламалары бекітілсін *(Жауапты: Бағдарлама жетекшілері):*

1. «Ұлттық құндылық – ұлттық тәрбие» курсы 36 сағат
2. «Жасым емес, жаным билейді» курсы, 36 сағат

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

6.2. Өзектілігі жоқтығына байланысты келесі университет ережелері қолданыстан шығарылсын:


- 1) УЕ-ХҚТУ-017-2018 Элективті пәндер каталогын әзірлеу ережесі;
- 2) УЕ-ХҚТУ-051-2019 Ахмет Ясауи университетінде электрондық оқу басылымдарын әзірлеу ережесі;
- 3) УЕ-ХҚТУ-106-2020 Қосдипломды білім беру бағдарламаларын және бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы ережесі.

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік
комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

6.3.1 Жаратылыстану ғылымдары факультеті, «Физика» кафедрасының PhD, аға оқытушысы Б.А. Курбанбеков пен PhD, қауымдастырылған профессор Ш.Ж. Раманкуловтың «Физикалық эксперименттерді VR технологиясы арқылы ұйымдастыру негіздері» атты оқу құралы кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын (жоба қаражаты есебінен);

6.3.2 Жаратылыстану ғылымдары факультеті, «Физика» кафедрасының оқытушысы Е.С. Ергөбек, ф-м.ғ.к., аға оқытушы С.М.Бекбаев және PhD, аға оқытушы Е.Досымовтың «Кванттық физикаға кіріспе» атты оқу құралы кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын (авторлардың өз қаражаты есебінен).

**Оқу-әдістемелік комитет
хатшысы**



И.Б. Усембаева